«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

060011, Атырау қаласы, Б.Құлманов көшесі 148-а үй
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

060011, город Атырау, улица Б.Кулманова, 148-а
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

№ 08-ЖС-43-68/57
14.03.18ж

«Күзет агенттігі Арлан-Атырау»
ЖШС-нің директоры
Р.Р.Куркембаевқа

Мекен жайы: Атырау қ., А.Құнанбаев к-сі 19а,
Тел: 8 7122 24-18-11, ұялы тел: 8 702 116 20 02
Эл.почта: arlan_atyrau@inbox.ru

Атырау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті Сіздің 27.02.2018 жылғы №2 және 06.03.2018 жылғы №03 *(12.03.2018 жылы №3Т-К-68 және 28.02.2018 жылы 3Т-К-43 санмен тіркелген)* «Кең Жылыой» Жылыой аудандық мәдениет үйі» КМҚК-на *(хабарлама 31.01.2018 жылы жарияланған №2230958-2 «Күзет қызметін сатып алу»)* қатысты жазылған арызыңызды қарап, хабарлайды:

Электрондық конкурстың 06.03.2018 жылғы №2020200 қорытынды туралы хаттамасына сәйкес «Күзет агенттігі Арлан-Атырау» ЖШС-нің өтінімін *«представлено неполное и не соответствующий квалификационным требованиям и требования конкурсной документации, по перечню документов: не полное трудовые договора сотрудников, отсутствует наличие группы быстрого реагирования»* деген негіздермен бас тартылған.

Конкурс комиссиясының қабылдаған шешіміне камералдық бақылау негізінде тексеру жүргізіліп анықталды: ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның *(әрі қарай - Заң)* 9 бабының 1 тармағының 4 тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы туралы біліктілік талаптары қойылады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген" Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Ереженің *(әрі қарай - Ереже)* 85-1 тармағына сәйкес, тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі.

ҚР «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Ережесінің 4 қосымшасына сәйкес бекітілген конкурстық құжаттаманың 6 қосымшасының 2 ескертпесінде *«растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін беру конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Конкурстық құжаттамада*

тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін бермеуге де болады» деп көрсетілген.

Осы ретте, конкурстық комиссиямен жоғарыда аталған заңнама талаптары бұзылып, «Күзет агенттігі Арлан-Атырау» ЖШС-нің өтінімін негізсіз конкурсқа қатысуға жіберілмеген, яғни веб порталда орналастырылған сатып алынатын қызметтің техникалық ерекшелігінде көрсетілмеген материалдық ресурстары болуы туралы талаптар қойылған.

Сонымен қатар, аталған электрондық конкурсқа камералдық бақылау жүргізуде басқада бұзушылықтар анықталуына байланысты, ұйымдастырушыға бұзушылықтарды жою жөнінде хабарлама жолданды.

Берілген жауапқа қанағаттанбаған жағдайда, ҚР-ның «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңның талаптарына сәйкес, сотқа шағымдануға құқығыңыз бар екендігін қаперіңізге береміз.

Департамент басшысының орынбасары **Б.Анжанов**

Орын:Ж.Ерболұлы
Тел:87122319038